


Шаттық шеңбері



*Кең далада сай мен сала жыра көп,
Ескілерден бізге қалған мұра көп,
Бағаласақ, қадірлесек қанекей
Сәніменен мәнін бұзбай жаратып
Сол мұраның бір бөлігі нақыл сөз.
Аталардан бізге жеткен ақыл сөз,
Мықтыларды тәубасына келтіріп,
Әлсіздерге қорған болған батыр сөз,
Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Есі барға бір ауыз сөз жетеді,
Жетесізге аталы сөз айтсақ та,
Шіміркенбей бірақ аттап өтеді*

Жазғанды дұрыс оқу шеберлігі

Сабақтың мақсаты

Сабақтың барысы

Мақсат


ы:

- А) Сауатты, мәнерлеп оқу шеберліктерін ұштау; ұлттық құндылықтар мәнін түсіну*
- Ә) Көпшілік алдында сөйлеуге дағдыландыру;*
- Б) Сөз өнерінің қадірін түсінуге тәрбиелеу*





Сабақтың барысы



II. Ұлағатты ұлттық ұғымдар

Үш қуат

Күш, қайрат, мінез



Ақыл, жүрек, тіл.



Ырыс, дәулет, бақ



Үш ғайып

Еңбек, өнер, мал 📢

Ажал, қонақ, несібе 📢

Үш арсыз

Мал, ажал, көз 📢

Ұйқы, тамақ, күлкі 📢

**Жалқау, тентек,
қомағай** 📢

Үш дауасыз

Мінез, кәрілік, ажал



Бала, мінез, өтірік



Үш биік

Асқар тау, көңіл, өнер 

Билік, дәулет, даналық 

Үш артық

Шындық, ақыл, алғыс



Адалдық, еңбексүйгіштік,
өнерпаздық



Үш көз

Бұлақ, көз, ақыл



Бұлақ, тұяқ, құлақ



Еңбек, өнер, білім



Жеті жетекші

1. Адамның басшысы-
2. Жетекшісі-
3. Жолаушысы –
4. Жолдасы –
5. Қорғаны –
6. Қорғаушысы –
7. Сынаушысы -

Жеті жетекші

1. Адамның басшысы- ақыл.
2. Жетекшісі- талап.
3. Жолаушысы – ой.
4. Жолдасы – кәсіп.
5. Қорғаны – сабыр.
6. Қорғаушысы – мінез.
7. Сынаушысы – халық
(Саққұлақ би)



Жеті күн

1. Бүгін. 2. Ертең. 3. ...

Жеті ата

1. Бала. 2. Әке. 3. ...

III. Шешендік сөздер



Сөз
дәлдігі

Ой
жүйелігі

Сөз
байлығы

Сөз
дәйекті
лігі

Сөз
айшығы

Сөз
әуезділігі

Сөз
түсінік
тілігі

Ой
жүйелігі

Тіл
тазалығы



Төрт тентек

Мөңке бидің бала кезінде бір бай жоқ сұрау үшін көш алдында келе жатып еру ауылдың жанында асық ойнап жатқан бір топ балаға жолығыпты. Балалардың бірі байдың атын үркітеді. Оған бай ашуланып әлгі баланы қуалайды. Байдың мінгені асау байтал екен, баланың желбіреген көйлегінен қорқып үркіп мөңкиді. Мөңкіп жүргенде байдың басынан бөркі ұшып түседі. Байтал одан бетер тулап байды жығып кетеді, бай қаза табады. Содан кейін байдың тумалары жиналып келіп балалардың елінен құн сұрайды. Екі ел келісе алмай кеңес бірнеше күнге созылады. Мөңке сол ауылдың баласы екен, жиналған көпке Мөңке бала былай депті: “Иә, ағалар- билер, сіздер бұл кеңесті тым ұзаққа создыңыздар ғой, бір шешімге келе алмадыңыздар. Осының билігін маған берсеңіздер, мен тез бітірер едім”, -депті. Көпшілік баланың ықыласына риза болып бір ауыздан: “Билікті бердік, ал айта ғой”, - десіпті. Сонда Мөңке бала былай депті: ...

Сонда Мөңке бала былай депті:

“ Бұл шалдың өліміне кінәлі ел емес, тентек. Ал мұнда тентек төртеу. Меніңше, сол төрт тентек құнды бөліп төлейтін болсын және ердің құны жүз жылқы болсын”,-депті. Сонда Мөңке бала: “ Бірінші, мың жылқыдан бір жуас ат таба алмағандай, асау байталға мінген және елде адам құрығандай асық ойнаған балалардан жөн сұраған бай тентек; екінші, адам көрмей жүргендей, баладан үркіп тулап байды жығып өлтірген байтал тентек; үшінші, ұшып түскен бөрік тентек; төртінші байталды үркіткен бала тентек. Мінеки, осы төртеу құнды бөліп төлейтін болсын”,- депті. Осы билікке екі жағы да разы болып, балалардың ауылы құнның төрт бөлігінің бірі – жиырма бес жылқы төлеп құтылыпты. Мөңке баланың би болуына осы билік басты себеп болыпты.

IV Поэзия минуты

12-3=

М.Шаханов

Ү. Рөлдік ойын

Ақ сақалды әкім: Дара шауып кетіп едің сен мүлде,

Қалай , шалым, ақылыңа келдің бе?

Жұмбақ айтам.

Егер тапсаң, азатсың, Таба алмасаң, өлдім де!

Таба алмасаң , қанатыңнан сынғаның, Тырысып көр, ақылыңды күш болса? Мынау ғана менің саған жұмбағым:

Не қалады он екіден үшті алса?

Хан: - Онда тоғыз қалады ғой (қуанып, күліп айтады).

Әкім: (мысқылмен) – Тапқырлық пен ақыл-ой, Сынға түскен ұрыста Жолың сенің тағы тартты бұрысқа. Таба алмадың, Мойныңды даярлай бер қылышқа.

Жас жігіт: - Өтінемін, етіңіз бір кешірім. Ханымыздың қасық қанын қисаңыз, Мен айтар ем бұл жұмбақтың шешімін.

Әкім: Ал айта ғой, талабыңды шектемен, Балаусаға тас атқанды жек көрем. Бердім, ұлым, тілегіңді, төлеуін Қайтара алсаң кеудеңдегі отпенен?!

Жас жігіт:

ҮІ. Тағылым

Жақсыдан жадыңа алған бір ауыз сөз,

Асықпа түспеді деп қолыма тез.

Дамылсыз іздеуіңе ерінбесең,

Керегің өміріңде болады кез.

**1. Шапағатты ойға беріл, шапағатты сөзге беріл,
шапағатты іске беріл. (Заратуштра пайғамбар)**

**2.Әркімнің ішкі нұр сәулесінің үш аты бар, ол:
еңбекқорлық, жақсылық, кішіпейілділік.**

**3.Егер ұлың епті, сыпайы, көнгіш, байсалды,
көркемөнерде білгір, рақымды болса, ондай ұлдың
жалғыз да жақсы.**

4. Кім өзін жұрттан артық санаса, сол – ақымақ.

5. Көз-жіті, құлақ- сақ, көңіл кең болуы керек.





Үйге тапсырма



*Өзі қалаған шығарманы
мәнерлеп жатқа оқу.
Даналық дәптерін
толықтыру*

